

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2016

УДК 61(07)

К. К. Шакаримова¹, Г. Т. Калиева¹, Б. Н. Дюсенбекова¹, Т. М. Таукелова²,
А. Б. Маупашева³

«БИОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША СОӨЖ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

¹Қарағанды мемлекеттік медицина университеті молекулярлық биология және медициналық генетика кафедрасы

²Ә. Молдағұлова атындағы спортқа бейімді, дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

³Қарағанды политехникалық колледжі

Мақалада «Биология» мамандығының пәндеріндегі оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысын жүргізудің негізгі мәселелерін ұйымдастыру және бақылау көрсетілген. «Зоология», «Ботаника», «Жасуша биологиясы» және «Молекулярлық биология» пәндері бойынша оқу үрдісіне e-learning-ті қолдану тәжірибесі, профессор-оқытушылар құрамымен сипатталған және шешу жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы, e-learning

Қазақстандағы жоғары білім берудің заманауи даму үрдістері студенттердің өзіндік жұмыстарының рөлін арттыру және оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды біріктіруді талап етеді.

2013 ж. бастап Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде «Биология» мамандығы бойынша мамандарды даярлау жүзеге асырылуда. Молекулярлық биология және медициналық генетика кафедрасында «Биология» мамандығының студенттері үшін «Зоология», «Ботаника», «Жасуша биологиясы» базалық пәндері бойынша оқыту жүргізіледі, сондай-ақ білім беру бағдарламасына бірқатар элективті пәндер базалық және кәсіби блоктары енгізілген.

Бүгінгі күні ҚММУ-де кредиттік технология бойынша білім берудегі өзекті сұрақтардың бірі, оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысын (СОӨЖ) ұйымдастыру және бақылау болып отыр, себебі аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың сандық қатынасы, бүкіл оқу үрдісін өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға, студенттің оқуға деген жеке басының қызығушылығын және мүдделілігін қайта бағдарлауға негізделген [2].

Осыған байланысты молекулярлық биология және медициналық генетика кафедрасында СОӨЖ ұйымдастыру кезінде виртуалды білім беру ортасы Moodle базасында e-learning технологиясы пайдаланылады.

Компьютерлік технологияны пайдалану оқытушыға аудиториялық уақыттың жеткіліксіз жағдайында жұмысты тиімді ұйымдастыруға, студенттермен виртуалды, жеке және топтық қарым-қатынас жасауға, жұмысты орындауда

уақытты тиімді бөлуге, оқытушы тарапынан қажетті кеңестерді алуға және дайын жұмыстардың тапсыру мерзімін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғары деңгейде сапалы оқыту үшін оқу материалын әзірлеуде оңтайлы нысандарды пайдалану, оқытудың белсенді түрлерін енгізу және ақпараттық білім беру парақшаларында тиісті тапсырмаларды өңдеу қажет [1, 2, 3, 4, 5].

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысына арналған профессорлық-оқытушылар құрамымен қолданылатын көптеген тапсырмалар үш түрлі электрондық жазба жұмыстарымен ұсынылған, атап айтқанда: құрылымдық-логикалық сызбанұсқа құрастыру және ғылыми-бағдарланған оқыту элементтері (RBL- research bases learning) эссе, аннотациялар жазу.

Ең алдымен электрондық жазба жұмыстарын таңдау келесі критерилерге сәйкес болуы керек: білім алушылардың тарапынан жоғарғы деңгейде ойлай білуге, таңдалған тақырып бойынша қойылған мәселелерді нақты және сауатты баяндай білуге, интернеттен және әдебиеттерден алынған ақпараттарды құрылымдауға, қорытындыны тұжырымдауға, жазбаша сөйлеу дағдыларын игеруге; ал оқытушыға қысқа уақыт ішінде көптеген студенттердің бір уақытта оқу материалын меңгергенін және алған білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

E-learning технологиясын пайдалану тексерілген тапсырмаларға есеп жүргізу үшін базадағы деректерге тексерушінің түсіндірмелерін сақтауға, талдауға және одан әрі жұмыс істеуге мүмкіндік береді; мәтіннің бірегейлігін тексеруде "Антиплагиат" жүйесі

пайдаланылады, қашықтықтан оқыту жүзеге асырылады. Осыған қарамастан СОӘЖ ұйымдастырудағы бірқатар артықшылықтармен кейбір кемшіліктерде анықталды, атап айтқанда: студенттердің оқу материалын меңгеруі және оқу үрдісін оқытушы тарапынан тікелей бақылаудың болмауы, жазба жұмыстарының көлемі бойынша мазмұнының шектелуі, бір интернет-көздерінен алынған материалдарды өзгермеген күйде көшіру және пайдалану студенттердің немқұрайлы қарым-қатынастарын көрсетеді.

- «Биология» мамандығының пәндеріндегі СОӘЖ ұйымдастыруды талдау, бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді, оның негізгілері:

- жекелеген тапсырмалардың болмауы (әрбір студенттің дайындық деңгейімен қабілетін есепке алу қажет);

- сапалы әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз ету қажет, атап айтқанда, нақты алгоритмді тапсырмаларды орындаудың болмауы;

- тапсырмаларды бағалау үшін жылдам, объективті критерийлерді әзірлеу қажет, себебі жазба жұмыстарын тексеру және пікір жазу айтарлықтай уақытты көп алады.

Шешудің ықтимал жолдары:

- өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды жасау кезінде міндетті бөлім қамтылуы қажет (барлық студенттер орындау үшін) және шығармашылық бөлім (қосымша сұрақтар, оқу-мәселелік жағдайлар және тағы да басқа қиын тапсырмаларды өз бетінше орындай алатын студенттерге арналған) өзіндік жұмыстарға арналған сараланған тапсырманы пайдалану;

- оқытушы оқу үрдісін ұйымдастырушы ретінде неғұрлым дайындалған студенттермен қарқынды жұмыс жасауы қажет;

- әдістемелік ұсыныстар қол жетімді жаңалығы мол болуы және тапсырмаларды орындаудағы алгоритмдермен қамтылуы қажет;

- тапсырманы әзірлеу кезінде бағалау парағын тексеру мүмкіндігін пайдалану, жазба жұмыстарын тексерудегі сандық технологияларды қолдану [4].

Осыған байланысты, жоғарыда айтылған кредиттік технологияға сәйкес оқытушыға деген талап жоғарлайды, оның рөлін өзгертеді, оған қажет:

1. Қазіргі заманғы интерактивті әдістермен оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру.

2. Оқылатын пәндерге арналған оқу-әдістемелік ұсыныстарды кешенді өңдей білу.

3. Өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардың мөлшерін үлестіру және уақытты оңтайлы пайдалану, тапсырманың тиімді түрін таңдау.

4. Студенттердің өзіндік жұмысын сапалы ұйымдастыру, өзіндік жұмыстың тақырыптық мазмұны мен тапсырманы орындау мерзімі туралы ақпаратты уақытында беру, қорытынды нәтижелерді бағалау критерийлері және бақылау тәсілдері туралы жиі кеңестер жүргізу қажет.

5. Өзіндік оқу әрекетіне көшудің маңызды шарты, оқу тапсырмаларын шешудің тиімді жолы белсенді методологиялық әдіс пен оқытушының қатысуы болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 Истомина-Нуркеева А. Организация самостоятельной работы студентов с помощью e-learning [Электронный ресурс] URL:// <http://www.e-learning.by/Article/Organizacijsamostojateljnoj-raboty-studentov-s-pomoschjju-e-learning/ELearning.html>

2 Каргин С. Т. Активизация познавательной деятельности студентов в условиях кредитной системы обучения в вузе /С. Т. Каргин, Д. К. Даутбаева //Білім=Образование. – 2006. – №6(30). – С. 58-61.

3 Нужа И. В. Организация самостоятельной работы студентов виртуальной среде: развитие навыков академической презентации, проблемы перспективы /И. В. Нужа, Н. В. Смирнова [Электронный ресурс] URL: // <http://www.hse.ru/pubs/share/direct/document/72612237>

4 Попкова Е. М. Цифровые технологии проверки письменных работ: e-marking, e-grading [Электронный ресурс] URL:// <http://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovye-tehnologii-proverki-pismennyh-rabot-e-marking-e-grading>

5 Семёнова В. Г. Самостоятельная работа студентов как важнейшая форма организации учебного процесса в рамках компетентностной модели образования //Матер. II всерос. науч.-практ. интернет-конференции «Организация самостоятельной работы студентов». – Саратов, 2013. – С. 10-15.

REFERENCES

1 Istomina-Nurkeeva A. Organization of independent work of students using e-learning [Electronic resource] URL://<http://www.e-learning.by/Article/Organizacijsamostojateljnoj-raboty-studentov-s-pomoschjju-e-learning/ELearning.html>

2 Kargin S. T. Activation of cognitive activity of students in the conditions of credit system of education in the university / S. T. Kargin, D. K. Dautbaeva //Bilim=Education. – 2006. – No. 6 (30). – Pp. 58-61.

3 Nuzha I. V. Organization of independent work of students of the virtual environment: the development of skills of academic presentations, problems perspective /I. V. Nuzha, N. V. Smirnova [electronic resource] URL:// <http://www.hse.ru/pubs/share/direct/document/72612237>

4 Popkova Ye. M. Digital technologies of verification of written works: e-marking, e-grading [Electronic resource] URL:// <http://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovye-tehnologii-proverki-pismennyh-rabot-e-marking-e-grading>

5 Semyonova V. G. Independent work of

students as the most important form of organization of the educational process within the competence model of education //Proceedings of the II All-Russia. scientific-practical internet-conference «Organization of independent work of students» – Saratov, 2013. – Pp. 10-15.

Поступила 08.04.2016 г.

K. K. Shakarimova¹, G. T. Kaliyeva¹, B. N. Dyussenbekova¹, T. M. Tauykelova², A. B. Maupasheva³
PROBLEMS OF ORGANIZATION OF SIWT ON DISCIPLINES OF SPECIALITY «BIOLOGY»

¹Department of molecular biology and medical genetics of Karaganda state medical university,

²Regional specialized school for gifted children in sport named after A. Moldagulova,

³Karaganda Polytechnic College

The article describes the main problems of the organization and control of students independent work under the guidance of a teacher in the disciplines of the speciality «Biology». The experience of the application of e-learning in the educational process by teaching staff was described on disciplines of «Zoology», «Botany», «Cell Biology» and «Molecular Biology», and solutions were suggested.

Key words: student individual work with teacher, e-learning

K. K. Шакаримова¹, Г. Т. Калиева¹, Б. Н. Дюсенбекова¹, Т. М. Тауекелова², А. Б. Маупашева³
ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПОД РУКОВОДСТВОМ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ НА ДИСЦИПЛИНАХ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «БИОЛОГИЯ»

¹Кафедра молекулярной биологии и медицинской генетики Карагандинского государственного медицинского университета,

²Областная специализированная школа-интернат для одаренных в спорте детей им. А. Молдагуловой,

³Карагандинский политехнический колледж

В статье отражены основные проблемы организации и контроля проведения самостоятельной работы обучающихся под руководством преподавателя на дисциплинах специальности «Биология». Описан опыт применения профессорско-преподавательским составом e-learning в учебном процессе по дисциплинам «Зоология», «Ботаника», «Биология клетки», «Молекулярная биология», выявлены недостатки и предложены пути решения.

Ключевые слова: самостоятельная работа студента под руководством преподавателя, e-learning